

**«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы
дәрежесін алу үшін ұсынылған Кущанова Айнур Нурасловнаның
«М.Әуезов шығармаларының лингвомәдени және когнитивті аспектілері»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент,
филология ғылымдарының докторы, доцент Сүйеркүл Ботагөз Мырзабайқызының
ЖАЗБАША ШІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа	«М.Әуезов шығармаларының лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбында орындалған диссертация мынадай мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған: Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен

		мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u>/қоспайды, ал оның <u>маңыздылығы ашылған</u>/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыста М. Әуезовтің ХХ ғасырдың басында жазылған «Жетім», «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу» «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» шығармаларында көтерілген, бірақ қазақ қоғамында әлі күнге өзектілігі жойылмаған әлеуметтік мәселелер «Жалғыздық», «Қасқыр» концептілерінің мазмұны мен құрылымынан социум өміріндегі аса маңызды факторлардың өзара байланысы және салдары ретінде көрініс тапқан. Осыған орай адамдардың іс-әрекеті мен мінез-құлқының моральдік тұрғыдағы мәні, мағыналық және қолданыстық ерекшеліктері, рухани құндылықтық көрсеткіштері теориялық негізде анықталған. Зерттеуші ғылыми тұжырымдамасында концептілердің психологиялық, құрылымдық-мазмұндық модельдерін және когнитивтік картасын жасаған. Бұл ғылыми жаңалықтар ізденушінің аталмыш концептілер аясына

			кіретін тілдік бірліктердің қоғам өмірінің түрлі саласындағы қолданысын жан-жақты қарастырғанын, яғни зерттеудің кешенді түрде жүргізілгенін байқатады. Сондықтан диссертациялық жұмыс қазақ тіл білімінің лингвоконцептология саласын жетілдіруге елеулі үлес қосады, сондай-ақ оның көркем мәтінді лингвомәдениеттанымдық қырынан қарастырудағы маңызы зор екені дәйектелген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары екендігі ғылыми жұмыстың құрылымын меңгергенінен байқалады. Тақырыбына қатысты бұрын-соңды жүргізілген зерттеулер қамтылған, сүйенген материалдары дәйекті. Зерттелуі қажет, маңызды мәселе дұрыс айқындалып, соған сәйкес әдіс-тәсілдер дұрыс таңдалған. Диссертанттың ғылыми ойды жүйелеуі, мысалдармен дәлелдеуі, тұжырымды мазмұнды жеткізуі ой жинақылығын көрсетеді. Жарияланымдары диссертация мазмұнына толық сәйкес келеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <u>1) негізделген;</u> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: <u>1) айқындайды;</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация өзектілігі заманауи тіл біліміндегі антропоөзекті парадигма қағидаларына негізделген. Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбын айқындайды. Зерттеу жұмысының үш тарауы өзара ішкі бірлікті сақтаған. Бірінші тарауда көркем шығарманы лингвомәдени және когнитивті аспектіде зерттеудің теориясы мен әдістемесі жүйеленген. Концепт түрлеріне қатысты зерттеулер мен тұжырымдар талданып, зерттеушілер пікірі сараланып,

		ғылыми бағыттарына қарай топтастырылып ұсынылған. Екінші тарауда М. Әуезовтің «Көксерек», «Жетім» және «Қаралы сұлу» шығармаларындағы мәдени кодтардың тілдік репрезентациясы талданған. Үшінші тарауда «Жалғыздық», «Қасқыр» концептілерінің ұлттық танымдық негіздері анықталып, өткен ғасырдағы қазақ ұжымында қалыптасқан дүниенің тілдік бейнесіне сәйкес психологиялық, құрылымдық-мазмұндық модельдері ұсынылған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді. Ізденуші М.Әуезов шығармаларын лингвомәдени және когнитивті аспектіде зерттеудің әдістемелік қадамдарын ұсына отырып, жазушы шығармаларын талдауды, көркем шығармадағы ұлттық дүние бейнесі мен автордың идиостилін анықтауды мақсат етіп қойғандықтан, оған жету үшін шешімін табуы тиіс алты міндетті анықтаған. Диссертант жұмыста қойылған мақсат-міндеттерге іздену барысында қол жеткізген.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан өзара байланысқан. Бірінші тарауда тіл мен мәдениет сабақтастығын, сондай-ақ концепт түрлерін зерттеудің жалпы ғылыми теориялық негіздеріне шолу жасалған. Екінші тарауда «Көксерек», «Жетім», «Қаралы сұлу» шығармаларындағы мәдени кодтардың тілдік көрінісі сипатталған. Үшінші тарауда «Жалғыздық», «Қасқыр» концептілерінің прозалық мәтіндердегі вербалдану сипаты арнайы қарастырылған. Сондай-ақ көркем шығармадағы ұжымдық дүние бейнесі мен авторлық дүние бейнесі салыстырылған. Осылайша

			жұмыстың әрбір бөлімі мен тараушалары өзара логикалық байланыста жазылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдерге қатысты сыни талдау бар. Ізденуші оларды бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра отырып, толықтырған. Сөйтіп диссертацияда көркем шығарманы лингвомәдени тұрғыдан талдаудың төрт сатыдан тұратын кешенді әдісі ұсынылған (Дисс. 36-б. 8-кесте).
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда ұсынылған ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа. Зерттеуде М.Әуезовтің прозалық шығармалары алғаш рет лингвомәдениеттану мен когнитивті лингвистиканың зерттеу әдістері бойынша концептуалдық талдау нысаны болған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	Диссертацияның қорытындылары да толығымен жаңа. М.Әуезов шығармалары ұлттық-мәдени ерекшелікті анықтайтын тұтас семиотикалық кеңістік екені, ол бірнеше мәдени код жиынтығынан тұратыны анықталған. Ол мәдени кодтар мәтінде әртүрлі тілдік деңгейдегі лексикалық бірліктер арқылы көрініс

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	табатыны дәйектелген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыс мақсатына жету үшін қолданылған техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және ғылыми теориялық, практикалық тұрғыдан негізделген. Тіл мен мәдениет және білімдер қоры тоғысындағы концептілердің адами-моральдік мәнін, оларға тән шарттылықты; «жалғыздық» концептісінің көркем мәтіндегі семантикалық компоненттері, оларды салыстырғандағы психологиялық, социологиялық, құрылымдық-мазмұндық компоненттерінің өзіндік ерекшеліктерін анықтауы жұмыстың жаңалығы болып танылады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста жасалған қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеу қорытындылары М.Әуезовтің көркем мәтіндерінен алынған «қасқыр», «жалғыздық», «қорғансыздық», «обал» ұғымдарына қатысты түсініктер мен мәліметтерді, символдық мәндерді, сондай-ақ қазақ халқының этнолингвистикалық деректерімен өзара салыстыра отырып кең көлемде талданған.
7.	Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді;	7.1 Қорғауға ұсынылған қағидаттар ғылыми тұрғыда дәлелденген. 7.2 Қорғауға ұсынылған қағидаттар тривиалды емес. 7.3 Қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттары жаңа. 7.4 Қорғауға ұсынылған қағидаттардың қолданылу

	2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;	деңгейі кең. 7.5 Қорғауға ұсынылған қағидаттар мақалада дәлелденген.
--	--	--

		2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Зерттеу жұмысының әдіснамасы зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сай нақты жазылған. Лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистикаға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану арқылы алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен	Диссертациялық жұмысты дайындау барысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға негізделе отырып талданған.

		дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер пед. эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы ішінара расталған. Диссертацияны жазу барасында пайдаланылған әдебиеттің бір бөлігін жалпы тіл білімінде танылған ғалымдардың еңбектері құраса, екінші бөлігін отандық тілтаным саласында мойындалған, өзіндік орны бар зерттеушілердің еңбектері құраған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Зерттеу барысында пайдаланылған әдебиет тізімі әдеби шолуға жеткілікті . Қаралған, сараланған ғылыми әдебиеттің жалпы саны – 159. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторлардың тақырыпқа қатысты еңбектері қарастырылған. Диссертациялық жұмыстың дәлелдемелері визуалды ақпаратпен толықтырылған, жұмыста 18 кесте, 5 сурет қолданылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс лингвоконцептология, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистиканың жалпы және жеке мәселелерін дамытуға, ұғымдық аппаратын толықтыруға септігін тигізеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар	Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар, алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.

		және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар мен пайымдауларды жоғары оқу орындарында оқытылатын этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика пәндері бойынша дәріс оқуда, семинар сабақтарында пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Диссертанттың жұмысын өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелері мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келетін аяқталған ғылыми зерттеу деп танымыз.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Диссертациялық жұмыс ізденушінің кәсіби біліктілігі жоғары екенін көрсетеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Зерттеу жұмысының сапасын жақсарту мақсатымен мынадай ұсыныс-ескертпелер айтуды жөн санадық:	1) <i>Диссертацияда қазақ тіл білімінде когнитивтік зерттеу бағытының қалыптасуына себепкер болған, қазақ ғалымдарының ішінде ең алғаш «Мұң» концептісін талдаған Қ.Ә. Жаманбаеваның еңбегі (Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.), профессор З.Қ.Ахметжанованың «Ұлттық концептология» атты зерттеуі және қазақ лингвомәдениетіндегі 13 базалық концептіге жүйелік-коммуникативтік-интерпретативті талдау жүргізген еңбегі (Ахметжанова З.К. Очерки по национальной</i>

			концептология. Алматы, «Елтаным», 2012 г. 116 с.), М. Әуезов публицистикасының тілін кандидаттық диссертация деңгейінде зерттеген Қ. Есенованың (Қ. Есенова «Мұхтар Әуезов публицистикасының тіл өрнектері. Алматы, 2005, 135 б.») зерттеулері ізденуші назарынан тыс қалған. Осы еңбектермен танысып, керегінше пайдалану қажет деген ұсыныс білдіреміз. 2) Жұмыста бірқатар стильдік олқылықтар кездеседі: Олар жас кездеріндегідей <u>ұрынып жұмыс жасамайды</u>, отбасын асырау қамымен жүгірмейді, бірқалыпты, мамыражай өмір сүре бастайды. (Дисс. 65-66 бб.); «Қазақта әженің ертегісін тыңдап өсу деген сөз үлкен өмірге дайындықпен тең <u>деп айтуға болады</u>» (Дисс. бірнеше рет кездеседі). «Ең алдымен Ұлытау атауының пайда болуы туралы бірнеше тарихи аңыздар мен ғылыми пікірлердің бар екенін <u>айту керекпіз</u>» т.б.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің		Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім

	шешімі (осы үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		сапаны қамтамасыз ету комитетіне Кушанова Айнур Нурасловнаға «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.
--	--	--	--

- 1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Кушанова Айнур Нурасловнаға «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан баска);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Кушанова Айнур Нурасловнаның «М.Әуезов шығармаларының лингвомәдени және когнитивті аспектілері» атты диссертациясына оң пікірімізді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептейміз.

Рецензент:

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Шығыстану факультеті, Түріктану және Шығыс
елдерінің тарихы кафедрасының зерттеуші-доценті,
филология ғылымдарының докторы**



Сүйеркүл Б.М.

